

**Нұртан Азамат Ерланұлының**  
**«Қазақстан Республикасында шетелдік сот пен төрелік шешімдерін**  
**мәжбүрлеп орындату: құқықтық негіздері мен заманауи талаптары»**  
**тақырыбындағы «8D04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасының**  
**философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған**  
**диссертациялық жұмысына отандық ғылыми қоса жетекшінің**  
**пікірі**

**Зерттеу жұмысында қарастырылған мәселелердің өзектілігі.** А.Е. Нұртанның докторлық диссертациясының тақырыбы қазіргі таңдағы жаһандану кезеңіне сәйкес келетін өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертациялық жұмыс шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындату ережелері мен тетіктерін зерттеп, осы тақырыпты толыққанды ашу мақсатында жан-жақты талдау жүргізіп, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен тәжірибесін, сонымен қатар, бүкіләлемдік деңгейде халықаралық атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру жолдарын ұсынуға бағытталған.

Дүниежүзі бойынша шетел элементімен күрделенген жеке құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешу нәтижесінде шығарылған шешімдерді әрі қарай тиімді әрі уақытылы орындату әр мемлекет үшін оның даму деңгейі мен адам құқықтарын құрметтеуінің көрсеткіші болып табылады. Сонымен қатар, әртүрлі саладағы шетел элементімен күрделенген жекеқұқықтық қатынастар мемлекеттердің оларды тек ұлттық деңгейде емес, сонымен қатар халықаралық дәрежеде де құқықтық реттеуін талап етеді.

Таңдалған тақырып өзекті де күрделі болып келеді, сонымен қатар, пікір-талас тудыратын салалардың бірі бола тұра, тұлғалардың субъективтік құқықтарын қалпына келтіру мақсатында практикада бірізділікті талап етеді.

Қазіргі таңда осы саланы дамыту, зерттеу және тиімді қылу бойынша жасалған іс-әрекеттер мен олардың нәтижелері сұранысқа ие. Бұл тақырыптың әртүрлі аспектілері Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік бағдарламалары мен Президенттің Қазақстан халқына жасаған жолдауларында көрініс тапқан.

**Жұмыс құрылымының негізгі ерекшеліктері. Жұмыс мазмұнының тақырыпқа сәйкес келуі.**

Диссертациялық жұмыста зерттеу логикасы сақталған, бөлімдер арасында ішкі бірлік бар. Тақырыпты ашуға көмектесетін сұрақтар диссертант тарапынан дұрыс тізбектілікте және орынды қарастырылған. Диссертацияның бөлімдерінде қарастыру үшін міндетті сұрақтар жүйелі түрде және толық ашылып, әрбір құрылымдас бөлік мәтіннің ішінде негізделген қорытындылармен аяқталады.

Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Бірінші бөлім шетелдік сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың ғылыми-теориялық және құқықтық негіздерін қамтиды. Екінші бөлімде шетелдік сот пен төрелік шешімдерін Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп орындатудың ережелері қарастырылған. Үшінші бөлім шетелдік

сот пен төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындатудың заманауи талаптарға сай келетін халықаралық және ұлттық тетіктерін ұсынуға арналған.

Сонымен қатар зерттеудің негізгі ауқымды нәтижелері (мысалы, жария тәртіпті қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының жобасы, шетел шешімдерді орындау бойынша нұсқаулық және халықаралық конвенцияның жобасы) қосымшаларда ұсынылған.

Диссертацияның мазмұны оның тақырыбына толық сәйкес келеді және тақырып бойынша барлық қарастыруға міндетті сұрақтар міндеттерде белгіленіп, жұмыстың жоспары мен оның мәтінінде өз орнын тапқан.

Тұтас алғанда, зерттеу жұмысының материалы заңи терминологияны дұрыс пайдалана отырып, логикалық тізбектілікпен сауатты баяндалған. Диссертант орындаған ғылыми-зерттеу жұмысы жатық тілмен, қисынды келтірілген.

**Тақырып мәселелерін баяндаудың әдістемелік, теориялық және практикалық негізділігі, дереккөздерді қолдана білу. Зерттеу тақырыбына дереккөздердің сәйкестігі.**

Диссертацияда Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен қоса, шетелдік заңнама мен халықаралық құжаттарға, сонымен қатар, доктриналық тұжырымдарға баға берілген. Автор материалды жақсы аша білген, теориялық материалға, түрлі авторлардың еңбектеріндегі тұжырымдамалар мен көзқарастарға орынды талдау жасаған.

Әдебиеттер жеткілікті көлемде пайдаланылған. Автор кең ауқымды дереккөздерге, басқа авторлардың ғылыми еңбектеріне талдау жасаған, сондай-ақ практикалық материал көптеп келтірілген. Диссертант оларға талдау жүргізіп, сыни тұрғыдан қарай білуін көрсете алған.

Дереккөздерді таңдау барысында диссертант тақырыптан ауытқымаған, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген барлық қайнар-көздер орынды болып табылады.

Сонымен қатар, әдістер кешені тақырыпты толыққанды ашу үшін дұрыс әрі жүйелі түрде пайдаланылғаны көрініп тұр, яғни әрбір әдіс сәйкесінше бөлімдер мен бөлімшелерде көрініс тапқан және нақты мәселе аясындағы сұрақтарды ашып, қорытындыға келуге пайдасын тигізгені анық.

Осыған байланысты диссертацияның нәтижелері негізделген және толыққанды деп саналады.

**Анықталған мәселенің шешілу дәрежесі. Алынған нәтижелердің негізделу дәрежесі.**

Диссертант тақырып бойынша барлық тиісті сұрақтарды қамтыған және оларды толыққанды, терең және жан-жақты қарастырған. Автор тұжырымдаған қорытындылар негізделген және шынайы, ал алынған нәтижелердің негізделу дәрежесі жоғары. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар мәтін бойынша дәлелденіп, шығарылған.

**Алынған нәтижелердің тәжірибеде қолданылу мүмкіндігі.** Диссертацияның нәтижелері практикаға бағытталған және Қазақстан Республикасының құқыққолдану практикасы, оның ішінде судьялар мен сот

орындаушылардың жұмысы үшін пайдалы әрі құнды болып табылады. Сонымен қатар, диссертант тек ұлттық деңгеймен шектеліп қоймай, дүниежүзі бойынша атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру және сол арқылы шетелдік өндіріп алушылардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған ұсыныстарды да жасаған. Жұмыс барысында алынған нәтижелер қазіргі таңда Астана қаласы бойынша сот орындаушылардың өңірлік палатасының және Бірінші экономикалық арбитраждың практикасына енгізілген, ол туралы тиісті акт алынған болатын. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларын жетілдіріп, атқарушылық іс жүргізу саласы бойынша жүргізілетін оқу пәнін білім алушыларға жүргізу барысында және осы саладағы ғылыми ізденістерді әрі қарай дамыту үшін де пайдалы. Алдағы уақытта да алынған нәтижелер тәжірибеде қолданылса, Қазақстан Республикасының соттарында және атқару жүйесінде шетелдік өндіріп алушылардың қатысуымен орын алатын атқарушылық іс жүргізу саласы әрі қарай жан-жақты дамуына бірден бір себеп болар еді.

Жалпы алған, диссертацияның барлық нәтижелері тек теориялық емес, сонымен қатар практикалық тұрғыдан пайдалы болып табылады.

#### **Автордың жеке шығармашылық дербестігінің деңгейі.**

Диссертант материалды өте жоғары деңгейде ашқан, теориялық материалға, түрлі авторлардың еңбектеріндегі тұжырымдамалар мен көзқарастарға орынды талдау жасаған. Диссертация жоғары деңгейдегі дербестікпен сипатталады және зерттеу тақырыбына қатысты ең өзекті әрі пікірталасты мәселелер бойынша автордың ұстанымын толықтай көрсетеді. Диссертант пікірталас тудыратын мәселелер бойынша өзбетімен қорытынды жасауға қабілеттілігін көрсете білген.

#### **Қорғауға жіберу жөніндегі ұсынымдар.**

Нұртан Азамат Ерланұлының диссертациялық жұмысы ішкі біртұтастығы сақталған, аяқталған зерттеу болып табылады, теориялық құндылығы мен практикалық маңыздылығы диссертациялық зерттеуге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді, сондықтан жұмысты қорғауға жіберуге болады, ал автор «8D04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық.

**Отандық ғылыми қоса кеңесшісі  
PhD докторы, Қазақстан Республикасы  
Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
Академиялық бағдарламалар мен  
жобалар орталығының директоры,  
Азаматтық-құқықтық пәндердің  
ғылыми-білім беру  
орталығының профессоры**

